

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

2017 жыл

**Облыс әкімдігінің 2016 жылғы
облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есебі**

Облыстың қаржы басқармасының басшысының міндетін атқарушы Н.А.Өнербаевтың және Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы С.Еңсегенұлының «2016 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы» есептерін тыңдап, облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 15 желтоқсанында бекітілген және 2016 жылдың бюджеті атқарылуы барысында нақтыланған, «2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешімі, қолдағы тиісті нақтыланған көрсеткіштерден кірістер бойынша 106,3 пайызға, алынған ресми трансферттер бойынша 99,4 пайызға орындалды.

2016 жылғы облыстық бюджеттің шығыс бөлігі 99,5 пайызға игерілді, түзетумен жоспарланған 158 401 930,5 мың теңгеден 157 846 027,4 мың теңге игерілді.

Осыдан басқа, республикалық бюджеттен жалпы сомасы 76 581 422,0 мың теңге нысаналы трансферттер бөлінді, соның ішінде «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға, «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасының аясында инфрақұрылым мен тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығын дамыту есебінен жұмыспен қамту іс-шараларын іске асыруға, елді мекендердің автомобиль жолдарын және көшелерді күрделі жөндеуге, индустриалды инфрақұрылымды дамытуға, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жеке кәсіпкерлікті қолдауға, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасының аясында инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға, денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға, газ тасымалдау жүйесін дамытуға, жылу энергетика жүйесін дамытуға, инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және сатып алуға бөлінді.

Республикалық бюджеттен тұрғын үй салуға және сатып алуға, мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру және кәсіпкерлікті дамытуды қолдау үшін кредиттер бөлінді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95 - IV Бюджеттік кодексінің 130-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабының 1 тармағының 1) және 9-1) тармақшаларына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихат

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Облыс әкімдігінің 2016 жылғы облыстық бюджеттің кірістер бойынша 37 599 787,2 мың теңгеге, алынған ресми трансферттер бойынша 76 581 422,0 мың теңгеге, шығындар бойынша 140 635 971,5 мың теңгеге, бюджеттік кредиттер бойынша 13 931 123,0 мың теңгеге, активтерді сатып алу бойынша 192 508,2 мың теңгеге, қарыздарды өтеу бойынша 3 155 329,9 мың теңгеге, бюджеттің дефициті 9 890 408,1 мың теңгемен, бюджеттің дефицитін қаржыландыру 9 890 408,1 мың теңгемен нақты орындалуы туралы есебі бекітілсін.

2. Ақтөбе облысының Тексеру комиссиясының 2016 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы есебі назарға алынсын.

3. Облыс әкімдігіне:

- бюджетке салықтық және басқа міндетті төлемдердің түсуін толық қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру;

- тікелей және түпкілікті нәтижеге жете отырып, бюджеттік қаражатты уақытылы және толық игеруді қатаң бақылауда ұстау, соның ішінде мемлекеттік және салараалық бағдарламаларға бөлінген қаржаттар.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

А.АЙТЖАНОВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С.ҚАЛДЫҒҰЛОВА